



CCI'M HUMAN

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Соса-Солә Ісесек (ССІ) Әзірбайжан, Ирак, Иордания, Қазақстан, Қырғызстан, Пәкістан, Сирия, Тәжікстан, Түркия, Түрікменстанда және Өзбекстанда қызмет етіп, 10 000 астам адамды жұмыс орнымен қамтып отыр.

Адам құқықтарын қадірлеу

Адам құқықтарын қадірлеу ССІ Компаниясы үшін негізгі құндылық. Біз қызметкерлер, жабдықтаушылар, бизнес-серіктестер және қоғаммен арадағы қарым-қатынаста адам құқықтарын әрдайым қадірлеп, оны нығайтуға ұмтыламыз. Бұл Саясат Адам құқықтары туралы ортақ декларацияға, сондай-ақ, Адам құқықтары туралы халықаралық заң мен Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы басты принциптер мен құқықтар туралы декларациясына (1998 жылдың 18 маусымында Женевада өткен Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 86-сессиясында қабылданған), Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық келісімі мен БҰҰ-ның Адам құқығы аясындағы басты кәсіпкерлік принциптеріне негізделген.

Осы Ережелер біздің Соса-Солә Ісесек компаниямызда, біздің меншігіміздегі компанияларда, басым үлесін біз иеленетін компанияларда және біз басқаратын компанияларда қолдануға арналған. Сонымен қатар, ССІ өз жабдықтаушылары мен бизнес-серіктестерінен осы принциптерді басшылыққа алуын күтеді, және де өз ұйымдарында ұқсас актілерді қабылдауға кеңес береді.

Бізбен бірге жұмыс істейтін тұлғалардың жеке құқықтарына төнген қауіп-қатерді алдын ала анықтап, оған жол бермеу мақсатында біз кешенді құқықтық сараптама әдісін қолданамыз. Егер біздің жұмысымыздың салдарынан адам құқықтарына нұқсан келтірілгені анықталса, компания жағдайды түзету мақсатында өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етуге немесе қалыптастыруға ұмтылады. Мұндай теріс салдар біздің компаниямыздың үшінші тараптармен жүргізген қарым-қатынастары нәтижесінде орын алған жағдайда біз оларды түзету үшін тиісті құралдарды ұсынуға ұмтыламыз.

ССІ Адам құқықтарын сақтау туралы Ереженің орындалуын ССІ Атқару Комитеті қадағалайды.

Қоғам және мүдделі тараптармен қарым-қатынас

Біз – қоғамның ажырамас бөлігіміз, себебі біз сол қоғамда жұмыс істейміз. Сол қоғамда біз түрлі адамдармен, бірлестіктермен, соның ішінде адам құқығы мәселелеріне аса мән беретін әлеуметтік әлсіз топтармен адам құқығы мәселелері бойынша өзара әрекеттесеміз. Біздің мұндағы мақсатымыз – олардың пікірі мен көзқарасын білу және ескеру. Біздің нанымыз бойынша жергілікті мәселелер жергілікті деңгейде шешілуі тиіс. Қажет болған жағдайда біз жұмыс барысында адам құқығын құрғау мәселелері бойынша азаматтық қоғам өкілдері мен мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жүргіземіз.

Көзқарас пен мәдени құндылықтардың көптүрлілігі және оларға баулу

Біз адам көзқарасы мен мәдени құндылықтардың әртүрлілігін, және бізбен бірге жұмыс істейтін адамдардың ұмтылыстарын бағалаймыз және қолпаштаймыз. CCI компаниясы бәріне де бірдей мүмкіндік беруге, қызметкерді іріктеу, жұмысқа алу, лауазымға тағайындау, оқыту, қызмет ақысын төлеу және лауазымын жоғарлату барысында оның біліктілігіне, жұмыс нәтижелеріне, дағдысы мен тәжірибесіне негізделуге ұмтылады. Біздің қызметкерлеріміздің әртүрлілігі – мақсаттарға қол жеткізудің бірден бір тірегі. Сондықтан да біз тәжірибесі әртүрлі, ал көзқарасы толерантты таланттарды жұмысқа тартуға, дамытуға және ұстап қалуға ұмтыламыз.

Дискриминацияға тыйым салу

Біз жұмыс орнында нәсілдік, жыныстық, азаматтық, тері түсі мен әлеуметтік тегі, ұлттық ерекшелігі немесе діни нанымы, жасы, мүгедектік, жыныстық бағдарлық, гендерлік идентификация немесе гендерлік болмысты көрсету, саяси пікір және заңда бекітілген басқа да нышандар негізіндегі дискриминацияға, жәбірлеушілікке және қудалаушылыққа жол бермеуге бар күш-жігерімізді саламыз.

Біз дискриминацияға, әдепсіз немесе орынсыз әрекеттерге, әділетсіздікке немесе қандай да бір репрессияға еш шыдамдылық танытпау саясатын жүргіземіз. Жұмыс орнында да, жұмысқа қатысты тыс жерлерде де қудалаушылық әрекеттеріне жол берілмейді.

Бірлестіктер бостандығы мен ұжымдық шарт

Біз қызметкерлеріміздің кәсіподақ құру, оған мүше болу не болмау құқығын қадірлейміз. Мұндай әрекеттер үшін қызметкерлерді ешкім қудаламайды, қорқытпайды және жәбірлемейді. Қызметкерлер мүддесін заңды түрде құрылған кәсіподақ қорғаған жағдайда біз сол кәсіподақпен конструктивті диалог жүргізу үшін бар күш-жігерімізді салуға міндеттенеміз. CCI мұндай өкілдермен адал қарым-қатынас жүргізуге міндеттенеді.

Қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасы

Біздің қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен денсаулығы – ең маңызды мәселе. Біздің саясатымыз қауіпсіз және жайлы жұмыс орнын құруға, қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасы заңнамасына, нормативті актілерге және еңбекті қорғау саласындағы ішкі талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған. Біздің мақсатымыз – қызметкерлеріміздің көмегімен анықталған оқыс оқиғаларды, жарақат алу жағдайларын

және денсаулыққа төніп тұрған қауіп-қатерлерді саралай отырып, қауіпсіз, жайлы және нәтижелі жұмыс орнын қалыптастыру.

Жұмыс орнының қауіпсіздігі

Біз өзіміздің жұмыс орындарымызды зорлық-зомбылық, қудалау, қорқыту, сыртқы және ішкі қатерлерге байланысты басқа да қауіпті, заңсыз немесе үрей туғызатын әрекеттерден қорғауға ұмтыламыз. Қызметкердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қызметкерлердің жеке өмірін, беделін және ар-ожданын қадірлей отырып қажетінше қолданылады.

Мәжбүрлі еңбек және адам саудасы

Біз мәжбүрлі еңбектің қандай да бір түріне, соның ішінде қамаудағы адам еңбегіне, лажсыздықтан болатын еңбекке, міндеттемеге байланысты еңбекке, әскери қызметтегі әскерилердің еңбегіне, қазіргі заманғы құлдық еңбек түрлеріне, және адамды саудаға салудың қандай да бір формасына тыйым саламыз.

Бала еңбегі

Біз жасы 18-ге толмаған тұлғаларды зиянды жұмысқа алуға тыйым саламыз.

Жұмыс уақыты, жалақы және жәрдемақылар

Біздің жалақы тағайындау саясатымыз өндіріс саласы мен жергілікті еңбек нарығында бәсекелестікке қабілетті және қолданыстағы әлеуметтік серіктестік шарттарының талаптарына сәйкес келеді. Біз жұмысымызды толықтай қолданыстағы жалақы, жұмыс сағаттары, үстеме уақыт және жеңілдіктер туралы заңнамаға сәйкес жүргіземіз. Біз қызметкерлерімізге өз біліктілігі мен қабілетін арттыруға, лауазымын ілгерілетуге мүмкіндіктер ұсынамыз.

Жер мен су ресурстарын пайдалану құқығы

Біздің бизнесіміздің аясындағы жер мен су ресурстарының пайдаланылуы адам құқықтарына айтарлықтай ықпал тигізетінін біз мойындаймыз, және де сол ықпалды басқару үшін біз арнайы актілер мен шаралар қолданамыз. Біз адамның тұрақты әрі қауіпсіз ауыз суымен қамсыздандырылу, эко-жүйе мен қоғамды қорғау қажеттілігін құрметтейміз, және ол үшін біз «Қоршаған ортаны қорғау саясатымызға» сәйкес тиісті санитарлық-гигиеналық шараларды қолданамыз.

Қызметкерлерге арналған нұсқаулық пен бұзушылық туралы хабар беру әдістері

Біз қызметкерлер арасында ашық әрі шыншыл қарым-қатынас қадірленетін жұмыс орнын қалыптастыруға ұмтыламыз. CCI қайда жұмыс істесе де тиісті еңбек және жұмысқа алу заңдарын орындауға тырысады. Сонымен қатар, CCI Адам құқығын қорғау туралы ережелерді қызметкерлерге таныстыру үшін оқытулар мен жыл сайынғы сәйкестікті растау шараларын жүргізіп тұрады.

Егер қызметкер осы Ережелерді заңнамаға, дәстүр мен жұмыс орнында қалыптасқан тәсілдерге қайшы деп тапса, немесе осы Ережелер туралы сұрақтары болса немесе осы

Ережелердің бұзылғандығы туралы жасырын хабарлағысы келсе, ол туралы жергілікті жетекшілерге.

Адам ресурстарын басқару жөніндегі бөлімге, жергілікті Этика мәселелері жөніндегі инспекторға немесе Этика жөніндегі корпоративтік инспекторға хабарлауы тиіс. Сонымен қатар, осы Ережелердің бұзылғандығы жайлы күдіктері туралы қызметкерлер CCI-дің этика мәселелері бойынша Байланыс Желісі атты қауіпсіз интернет ресурсы: <http://www.cciethicsline.com/>, телефон: +90 212 371 07 32, немесе электронды пошта: cci@cciethicsline.com арқылы хабарлай алады. Осы Ережелердің бұзылғандығы туралы хабарлаған қызметкерге ешқандай қудалау немесе кек алу шаралары қолданылмауы тиіс. CCI қызметкерлерден келіп түскен хабарларды тергеп, қарастырып және олар бойынша жауап беретін болады, және орын алған кез-келген бұзушылыққа қатысты тиісті шара қолданады.

Адам құқықтарын сақтау туралы Ереже CCI-дің Әдеп Кодексінің шарттарымен үйлеседі. Осы Ереже, оның аудармалары және тиісті ақпарат CCI-дің интернет сайтынан табуға болады: <http://www.cci.com.tr>

Жария есеп беру

Осы Адам құқықтарын қорғау туралы ережеге сәйкес, біз жыл сайынғы «Тұрақты даму туралы баяндама» аясында адам құқықтарын сақтау саласындағы міндеттемелеріміз, талпынысымыз және мәлімдемелеріміз туралы ақпаратты жариялаймыз. Ондай есепте БҰҰ-ның «Есеп берудің басшылық принциптеріне» тоғыспалы сілтемелер беріледі.

CCI осы Ережеге кез-келген уақытта өзгеріс енгізуге құқылы. Осы Ереженің еш бөлігі CCI мен оның қызметкерлері арасында келісімшарттың бар екендігін жобаламайды және ондай шарттың орнын баспайды, және осы бағдарламаға қатысу CCI компаниясына келешекте жұмысқа тұру кепілдігін беретіндігін білдірмейді.